

"Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру және ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 05/04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 2959 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 10/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысы әкімдігінің 13.03.2018 № 10/01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Укіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1397 " Қазақстан Республикасы Укіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысына және Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 01/04 "Қарағанды облысының жергілікті мемлекеттік басқару құрылымын және атқарушы органдарының штат санының лимитін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылсын.
2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
3. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындастын өзге де шаралар қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

5. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру және ережесін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Н. Әбдібеков

Қ а р ағ а н д ы

2 0 1 5

о б л ы с ы

ж ы л ғ ы

0 4

ә к і м д і г і н і н

а қ п а н д ағ ы

№ 05/04 қаулысымен бекітілген

"Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Қарағанды облысы бойынша жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіpte "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының

бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Пассажир көшесі, 15.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі,

орыс тілінде – государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель Карагандинской области"

10. Осы Ереже "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, ондай осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту мен жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

14. Міндеттері:

1) Қарағанды облысының жерді пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау бойынша ұтымды және тиімді қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасы жер заңдарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) жер қатынастары саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуын анықтау және жою;

4) Қазақстан Республикасының сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау.

15. Функциялары:

1) мемлекеттік бақылаудың жүзеге асырылуы:

мемлекеттік органдардың, көсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер участеклерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;

жер участеклерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуге;

жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуына;

жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;

жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өздерінде жердің бар-жоғы, олардың жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақтылы беруіне;

жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын жай және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуы мен салынуына;

жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясының, тұздану, батпақтану, су басу, шөлейттену, құрғактану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын туғызатын басқа да процестердің салдарын болғызбау мен жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;

азаматтардың өздеріне жер участеклерін беру туралы өтініштерін (өтініштерін) қарастыру-шаруашылық, мезгілдердің сақталуына;

межелік белгілердің сақталуына;

жергілікті атқарушы органдар уақытша жер пайдалануға берген жердің уақтылы қайтарылуына;

бұлінген жердің қалпына келтірілуіне;

жердің бұлінуіне байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыйдырып алынуына, сақталуына және пайдаланылуына;

жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына;

2) жеке және занды тұлғалар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінде белгіленген міндеттемелерді орындаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар мен олардың арасында жасалған, жерді уақытша пайдалану туралы шарттарды біржакты тәртіппен бұзу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органға ұсыныстар енгізу;

3) пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асуру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) кінәлілерді жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының жер зандарының бұзылуы туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

2) Қазақстан Республикасы жер зандарының бұзылуы туралы хаттамалар (актілер) жасауға;

3) Қазақстан Республикасының жер зандарын бұзғаны үшін әкімшілік жазалау туралы қаулылар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасының жер заннамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынды өтеу туралы, өз мақсатында пайдаланылмай не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер участекелерін мәжбүрлеп алғып қою туралы, жер участекелерін беруге, мемлекет мұқтажы үшін алғып қоюға, мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты құқыққа сыйымсыз шешімдердің күшін жою туралы, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орындаған не тиісінше орындаған жағдайда оларды орындау туралы және жеке, лауазымды және занды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу туралы істер бойынша сотқа талап-арыз дайындауға және беруге;

5) қызметтік күәлігін көрсеткен жағдайда, ұйымдарға кедергісіз кіруге, меншіктегі және пайдаланудағы жер участекелерін тексеруге, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер алғып жатқан жер участекелерін - оларға кірудің белгіленген режимін ескере отырып, тексеруге;

6) жер участекелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерді қорғау, Қазақстан Республикасы жер зандарының бұзылуын жою мәселелері бойынша орындалуға міндетті нұсқамалар беруге;

7) өнеркәсіптік, азаматтық және басқа да құрылыштар, пайдалы қазба кен орындарын игеру, объектілерді пайдалану, агротехникалық, орман мелиорациялық, геологиялық-барлау, іздестіру, геодезиялық және өзге де жұмыстар, егер олар Қазақстан Республикасының жер заңдарын, ерекше қорғалатын аумақтар жерін пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылса және топырақтың құнарлы қабатының жойылуына, ластануына, залалдануына немесе бұлінуіне, эрозияның күшеюіне, тұздануға, батпақтануға және шектес аумақтарды қоса алғанда, топырақ құнарлылығын төмендететін басқа да процестерге әкеп соғуы мүмкін болса, сондай-ақ егер бұл жұмыстар экологиялық сараптамадан өтпеген не теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүзеге асырылса, оларды тоқтата тұруға;

8) мемлекеттік органдардан жер қорының жай-күйі туралы статистикалық ақпаратты алуға;

9) жерге құқықты белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда тұрғын жай және өндірістік объектілердің салынуын тоқтата тұруға құқығы бар;

10) Қазақстан Республикасының жер заңдарын бұзушыларға уақтылы шаралар қолдануға;

11) Қазақстан Республикасының заңдылықтарын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сактауға;

12) өз қызметін басқа да атқаруши билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттесе отырып жүзеге асуруға;

13) өз құзіреті шегінде мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарынан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттық материалдарды бекітілген заң тәртібімен (сұраныс хат негізінде) алуға;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасуға, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды сатып алуға, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда өз мүдделерін ұсынуға;

15) құзырына кіретін мәселелер бойынша облыс әкімі мен әкімдігі қабылдайтын нормативтік құқықтық актілер жобасына ұсыныстар енгізуға;

16) сот органдарында жер құқығы қатынастары мәселелері бойынша мемлекеттің мүддесін көрсету және қорғау;

17) жер қатынастары саласындағы мәселелер бойынша жергілікті және орталық үәкілетті органдар өзірлеген заңнамалық және өзге де құқықтық актілердің жобалары жөнінде ұсыныстарды енгізу;

18) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

19) заңсыз басып алған жер учаскелерін босату жөніндегі талап-арыз шағымдарын (апелляциялық, кассациялық шағымдарды) дайындау және сот органдарына енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

20) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттемелерді жүзеге асыруға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымдық бөлімшелеріндегі басшылардың және өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

2) "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін лауазымдық қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын сақтамағаны үшін жауапкершілікте болады;

5) өз құзыretі шегінде "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлері үшін орындауға міндетті бүйрықтар шығарады;

6) "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі құзырына кіретін мәселелер бойынша құқықтық актілер мен басқа да құжаттарды қайта өндөуді бақылайды;

7) өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асырады, оны бұзудағы деректерді қарастырады және сол бойынша шешімдер қабылдайды;

8) өз құзыretі шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан шығады;

9) "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметінің ұйымдастыру-құқықтық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

10) "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын және бөлімдер туралы ережелерді бекітеді.

"Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы өкілеттігін орындау ол болмаған кезенде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды;

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді;

22. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қарағанды облысы бойынша жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шыгаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК